

Құрметті балалар! Қадірлі ата-аналар!

Сіздерді 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке — жаздың алғашқы күнімен келетін, балғын буын үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін мереке. Міне осы мерейлі мереке биыл «Балалар жылымен» тұспа-тұс келіп отыр.

Ата-ананың ең үлкен бақыты — баласының жақсы азамат болып өсуі болса, мемлекет пен қоғамның басты мақсаты — елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, бүгінгі ұрпақ — ертеңгі ел үміті, ұлттың жалғасы. Сондықтан, бала қуанышын бағына балаған ата-ана үшін де, бар тілегі мен елдік мұратын жас ұрпақпен байланыстырған мемлекет үшін де бұл мерекенің маңызы зор.

Бүгінгі күні алдымызда тұрған зор міндет — ұрпаққа заманауи білім беріп, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау. Бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Сол себепті, біз балабақшада, мектепте, мектептен тыс уақытта балалардың тиісті күтім мен қамқорлық көруіне мүдделілік танытып келеміз. Елімізде жеткіншектердің білім алуына, шығармашылығын шыңдауына барлық жағдай жасалған.

Қымбатты балалар!

Біздің көңіліміздің гүлі, көзіміздің нұры, болашағымыз — сіздерсіздер! Сондықтан да, сапалы білім алып, еліміздің дәулетті, жеріміздің сәулетті болуы үшін белсенділік танытып, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлестеріңізді қосуға талпынуларыңыз керек.

Жарқын болашаққа нық қадам басып, еңсесі биік ел азаматтары атануларыңызға тілектеспіз!

Болашақтарыңыз жарқын, аспандарыңыз ашық болсын!
Елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңыздар!

Жүздеріңізге күлкі үйіріліп, жүректеріңізден мейірім кетпесін!

Советбек МЕДЕБАЕВ,
Ұлытау ауданының әкімі.

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

«Балалар жылымен» тұспа-тұс келген Халықаралық балаларды қорғау күні биыл ұлт ұясы — Ұлытауда ерекше жағдайда аталып өтпек. Осы мерекеге орай ауданда тұңғыш рет балалар шеруін өткізу жоспарланып отыр. Оған 500-дей бала қатысады деп күтілуде. Мереке қарсаңында біз аудандық білім бөлімінің әдіскері Данагүл АЛШЫМБАЕВАҒА хабарласып, мерекелік шаралардың жөн-жобасы жөнінде кеңінен білген едік.



Балалар жылы
2022

Балалар шеруі өтеді



→ 8-бетте

БАСПАСӨЗ-2022

Ардақты ағайын!

Қымбатты аймақ тұрғындары!

Аудан өмірінің айнасы, киелі өңір жаңалығының жаршысы — аудандық «Ұлытау» газетіне 2022 жылдың жартыжылдығына жазылу жүргізілуде.

Өздеріңіздің төл басылымдарыңызбен алдағы жартыжылдықта да бірге болуға асығыңыздар!



Жеке жазылушылар үшін:
6 айға — 1400 теңге

Заңды тұлғалар үшін:
6 айға — 2800 теңге

Бәрекелді!

Қаракеңгірліктер — бедел биігінде

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Күні кеше Түркістан қаласында өткен мәдениет және өнер қызметкерлерінің мерекесі аясында Қаракеңгір клуб үйінің ұжымы үздіктер қатарынан көрінді. Сала саңлақтары «Үздік ауылдық мәдениет үйі» номинациясын жеңіп алып, 1 млн. теңгенің сертификатына ие болды. Қаракеңгірліктер бұл жетістікке ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына-2022» республикалық фестивалінде қол жеткізді.



→ 8-бетте

Аудандық мәслихатта

Референдум-2022

АУДАН БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Кеше аудандық мәслихаттың хатшысы Аманжол МЫРЗАБЕКОВТЫҢ төрағалығымен өткен XV сессияға аудан әкімі Советбек МЕДЕБАЕВ, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мекеме-кәсіпорын басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Ал, кенттер мен ауылдық округтері әкімдері ZOOM платформасы арқылы бейнебайланыста болды.



Күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Алғашқы мәселе бойынша «Ұлытау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы XI сессиясының «2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» №90 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Тасболат Шайхин хабарлама жасады. Бұдан кейін Ұлытау ауданының Қоғамдық кеңесінің ережесін

бекіту және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы №306 шешіміне өзгеріс енгізу жайында мәселелер қойылып, оң сипатта шешімдері шығарылды. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 15 қаңтардағы сессиясында бекітілген аудандық мәслихаттағы «Нұр Отан» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы» №16 шешіміне өзгеріс енгізіліп, «AMANAT» партиясының фракциясы болып қабылданды. Сессияда күн тәртібіне

шығарылған барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Сессия жұмысын қорытындылаған соң аудан әкімі Советбек Медебаев аудан орталығындағы электр жарығы, ауыссу мәселесі, көріз жүйесіндегі олқылықтарды ашық айтты. Жалпы, аудандағы жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасын бақылап, талқылауға қоғамдық комиссиялармен, депутаттар мүдделі екендіктерін айтып, депутаттарды бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Ұлытауға қызмет бабындағы іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат РАМАНҚҰЛОВ жұртшылықпен мақсатты кездесу өткізді. Жиынға аудан әкімі Советбек МЕДЕБАЕВ, аудан әкімінің орынбасарлары, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары мен бөлімдердің басшылары қатысты.

МАЗМҰНДЫ ӘНГІМЕ ӨРБІДІ



Кездесу барысында Мәжіліс депутаты алдағы саяси науқан – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесіне қатысты мазмұнды әңгіме өрбітті. Нақтылай түссек, Ата Заңның жаңғыртылған нұсқасы мен одан күтілетін тиімді нәтижелер туралы жан-жақты сөз қозғады. Бұдан кейін Советбек Тұрсынұлы референдумға дайындық аясында аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар ауқымы жайлы баяндады. Кездесуге қатысушылар, оның ішінде, ардагерлер қауымының өкілдері Жоғарғы заң шығарушы құзырлы органның өкіліне көңіл төріндегі сауалдарын қойып, оған тұщымды жауаптар алды.

Өз тілшімізден.

ХАБАРЛАМА

ГУ «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района Карагандинской области» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 14.07.2022 г. в 16.00 по адресу Карагандинская область, Улытауский район, Каракенгирский с.о., с.Бозтұмсык, ГУ «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района Карагандинской области», ул. Центральная 1 Актовый зал, а также посредством Zoom конференции (Идентификатор: 320 844 9619, код доступа: 8dxVvQ), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по: Разделу «Охрана окружающей среды» к технико-экономическому обоснованию «Строительство полигона ТБО в с. Бозтұмсык, Улытауского района Карагандинской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес: karakengir_akimat@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: karakengir_akimat@mail.ru и по телефону: 87053031693 или 87011486372.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

«Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімінің аппараты «ММ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 14.07.2022 ж. сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Қаракеңгір а. о., Бозтұмсық ауылы, «Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімінің аппараты» Орталық 1 акт залы, сондай-ақ ZOOM конференция арқылы (идентификаторы: 320 844 9619, қолжетімділік коды: 8dxvkq) «Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Бозтұмсық ауылында ҚТҚ полигонын салу» техникалық-экономикалық негіздемесіне «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірilmей қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекен-жайы: karakengir_akimat@mail.ru. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекенжайы: karakengir_akimat@mail.ru және телефон бойынша: 87053031693 немесе 87011486372.

Референдум-2022

РЕФЕРЕНДУМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ


Қайрат ЖҰМАБАЙ

Еліміздің Ата Заңы – Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің төлқұжаты. Қай ғасырда болмасын, кез-келген елдің, кез-келген мемлекеттің пайда болуы, дәуірлеп өсуі белгілі бір қағидаға сүйеніп жүзеге асатыны тарихтан мәлім. Ал, Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ол заман талабы. Алдағы 5 маусымда өтетін республикалық референдум Конституциямызға түзетулер енгізу мақсатында өткелі отыр.

Бұл референдум еліміздің демократиялық жолын нығайтуға және халқымыздың әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған шаралар болып есептеледі. Конституциялық реформа дегеніміз, былай айтқанда, Мемлекет басшысының 2019 жылдан бергі барлық саяси реформаларының заңды жалғасы іспеттес. Ең бастысы, конституциялық түзетулер жобасы аясында енгізілетін өзгертулер қазақстандықтардың сұраныстарына ыңғайластырылып, қазіргі қоғамның мақсат-мүддесіне орайластырылып негізделген. Түзетулердегі өзгеріс суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға біржола көшу болып отыр. Мұндағы ерекшелік, Президент өз өкілеттігі мерзімінде басқа партиялардың құрамында болмау керектігі көрсетілген. Нақты айтқанда, елдегі саяси партиялардың ешқайсысына

5 МАУСЫМ
2022

ӘРКІМНІҢ
ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ!



Президент мүшелікке кіруге болмайды.

Сондай-ақ, бұл өзгерісте «ҚР Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ» – делінген. Түзетулердің ішіндегі тағы бір қажеттісі саяси бәсекелестікті арттыру және барлық саяси партиялар-

дың дамуына мол мүмкіндік беріліп отыр. Осындай жақтары еліміздің жарқын болашағына әрі мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына ықпал етері сөзсіз. Ал, Конституцияның 6-бабындағы 3-тармағында көрсетілген «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстары» халыққа тиесілі болмақ. Бұл бапқа енгізілетін өзгеріс халық атынан меншік құқығын мемлекет жүргізеді деп өзгертілмек. Дәлірек айтқанда, Конституцияның 33 бабына түзетулер енгізіледі деп күтілуде. Бүгінгі күні Конституцияда 98 бап болса, соның 33-не, яғни үштен біріне өзгерістер енгізіледі. Осындай Конституцияға өзгеріс енгізу мәселесі Парламентте емес, республикалық референдумда шешілетін болады. Бұл шынында да ауқымды өзгеріс болып отыр. Ел келешегі үшін жасалып жатқан маңызды қадам. Бұған әрбір қазақстандық азамат бей-жай қарамауға тиіс. Әрқайсысы референдумға қатысып, жаңа Қазақстанның болашағы үшін өз таңдауларын жасағаны дұрыс. Осы өзгерістердің түпкі мекесі – азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту. Ел тағдырын айқындайтын осынау маңызды кезеңнен біз де шет қалмауға тиіспіз. Біздің міндетіміз, бұл референдумда негізгі заңнама Конституцияға енгізілетін жаңа өзгерістерді қолдау. Сол себепті референдумға қатысу – барлығымыздың борышымыз.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Қазақтың қасіретті жылдары

**Ардақты ағайын!
Құрметті
аудан тұрғындары!**

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл датаның тарихы – қазақ жұртшылығы үшін тым қасіретті. Ұлт тарихында «ақтаңдақ» аталған нәубетті жылдар аз болған жоқ. Әсіресе, өткен ғасырдың 30-50-ші жылдары халықтың қабырғасын қайыстырып, еңсесін езген оқиғаларды ұмыту, әсте, мүмкін емес.

Бұл күні біз азапты кезеңдер құрбандарын еске алып, рухына тағзым етеміз. Өткенге ойша оралсақ, 1916 жылғы топалаң, одан кейін азамат соғысы, 1928-1929 жылдардағы мал-мүлікті тәркілеу, 1931-1932 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдар үлесіндегі саяси-қуғын сүргін – осының бәрі ісі қазақты баудай түсірді.

Бірақ, маңдайалды асылдарын жоғалтқан қазақ қанша зұлмат болса да, тағдырдың қыл көпірінен аман өтті. Уақыт өте келе етек-жеңін жиды. Іргелі Тәуелсіз ел болды.

Кейінгі ұрпақ нәубет жылдары Отанына кіршіксіз адалдығын сақтап, қиыншылықты қайыспай көтере білген есіл ерлердің жарқын бейнесін мәңгі ұмытпайды.

Бұл күн өткенге үңіліп, болашаққа бағдар жасау үшін керек. Зұлматты кезеңге куә болған адамдар, қуғын-сүргіннің құрбаны болған азаматтардың ұрпақтары бүгінгі ел Тәуелсіздігіне тәубе етеді.

Тарихтың көз жасын көрмеген ұлттың, одан сабақ алмаған жұрттың адасуы көп болары анық. Сондықтан, біз бабалар бастан кешкен тарихты жиі еске алып отыруға тиіспіз.

Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, құрбан болған азаматтар тарихта өшпес із қалдырды. Олардың туған елі мен жеріне сүйіспеншілігін өскелең ұрпаққа жеткізе отырып, патриоттық сезімін ояту – басты міндет. Қазіргі таңда өркениетті елдер қатарына қосылуды мақсат тұтқан егемен елдің бүгінгі оңай келмегенін жас ұрпақ біліп жүруі тиіс.

Бабалар рухы қолдап, Тәуелсіз елдің әр таңы нұрлы болғай!

Советбек МЕДЕБАЕВ,
Ұлытау ауданының әкімі.

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

31 мамыр – талай-ды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Атаулы күн елімізде 1997 жылдан бастап атап өтіліп келеді. Бұл – Қазақстан үшін айрықша дата.

Тарихтан білетініміздей, «халық жауларын» анықтау бойынша қатаң саясаттың салдарынан қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да зардап шекті. Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Олардың арасында ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері болды. Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, халықтың да



оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады.

Ел қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. КСРО-да 1920-1930 жылдардағы саяси

қуғын-сүргін социалистік құрылысты орнықтырудағы шаруашылық механизмінің ажырамас бөлігіне айналды. Жалпы, деректерге көз салсақ, 1921-1954 жылдары аралығында КСРО-да «контрреволюциялық» немесе «антисо-

веттік» деген жаламен 3 миллион 777 мың адам сотталса, олардың 642 мыңы ату жазасына кесілген екен.

31 мамыр сондай-ақ, Қазақстанда ашаршылықта қаза тапқандарды да еске алу күні ретінде аталып өтіледі. 1920 жылдардың соңында және 1932-1933 жылдар аралығында қасақана ұйымдастырылған жасанды зауалдан, әсіресе Қазақ халқы қатты зардап шекті. Бұл ашаршылық адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі еді. Сол кездерде Қазақстанда ғана емес Ресей, Украина, Беларусь жерлерін қамтыған алапат ашаршылық 7 млн. адамның өмірін жалмады. Осы жылдары ең кемі 1,5 млн. қазақ аштықтан ажал құшты. Дегенмен бұл деректерді әлі де тыңғылықты зерттеу керек. Өйткені, ол кездегі есептерді басшылар өз пайдасына орай бұрмалап берген. Ал аман қалған қандастарымыздың тағы да 200 мыңы жо-сып, басқа мемлекеттерге көшіп кетті. Сол жылдары аштық тауқыметін тартпаған қазақ қалған жоқ. Кейбір ауылдар түгелімен жоқ болып кетті. Мұның барлығы сол кездегі кеңестік биліктің тоталитарлық саясатының қолдан жасаған зұлматы еді.

Референдум – 2022

Жаңашылдық қабастайтын жол



Елімізде 5 маусымда болатын ең маңызды саяси іс-шара – республикалық референдумға қызу дайындық жүріп жатыр. 27 жылдан кейін қолға алынып отырған осынау саяси іс-шараны жүзеге асыру жолында түсіндірме жұмыстарын жүргізуге барша қоғам белсенділері белсене қатысып, алқалы жиындар өткізуде.

Осындай басқосу сәрсенбі күні Ұлытау Сапар орталығында болып өтті. Онда «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының қызметкерлері елімізде өткізілетін референдумға байланысты келелі кеңестер айтылып, пайымды ойлар қозғалды. Жиында музей директорының орынбасары Аман-Серік Есенғали ашып, мұндай саяси іс-шараға алғаш рет қатысқалы тұрған музейдің жас қызметкерлеріне референдумның өту барысын қысқаша түсіндіріп өтті.

– Құрметті әріптестер! Сіздерді 2022 жылдың 5 маусымда өтетін референдумға бір кісідей қатысуға шақырамын. Еліміздің болашағы үшін әрбір дауыс өте маңызды. Мемлекет басшысы үлкен өзгері-

стердің бастамашысы болып, сол өзгерісті өзінен бастады. Ол өзінің өкілеттігін шектей отырып, билікті халыққа беріп отыр. Бұған әр қазақстандық қолдау көрсетуі керек, – деді өз кезегінде сөз алған музей директоры Нұрлан Қасымбеков.

Жиында сондай-ақ, музейдің әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы Қуантай Жабағин мен экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің басшысы Гүлсұлу Балдуова өз ой-пікірлерімен бөлісіп, елімізде өткізілетін референдумды қолдайтындықтарын жеткізді.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының баспасөз қызметі.

Аудандық кітапханада қазақ халқының біртуар азаматы, ақын, ұстаз, ағартушы ғалым Ахмет БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ 150 жылдығына арналған танымдық іс-шара өтті.



ҰЛТ ҰСТАЗЫНА АРНАЛДЫ



Абонемент бөлімінің кітапханашысы Дидар Байғабулова ақынның өмірбаяны жайлы баяндап, жиналғандарға экраннан арнайы дайындалған бейнефильм көрсетілді. Іс-шараға қатысушы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Мүсілім Құдайқұлов, №1 Ұлытау тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ұстазы Гүлдана Төребай, бастауыш пәнінің мұғалімі Еркеназ Бегаева, аудандық кітапхананың әдістеме – библиография бөлімінің меңгерушісі Сандуғаш Дүйсенбаева жылы лебіздерін білдіріп, А.Байтұрсынов жайлы ақпараттарымен бөлісті.

Бұдан кейін кітапхананың тұрақты оқырмандары Назар Айтжан, Перизат Шабаз, Ақбота Есенқабыл, Аяулым Ергалиева ақынның өлеңдерін жатқа айтты. Ал, кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы Сәния Бірмағанбет Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына жинақталған еңбектері мен кітаптарына шолу жасады.

Шара барысында мектеп оқушыларына сұрақтар қойылып, ойынға қатысушыларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Өз тілшімізден.

КҮН ТӘРТІБІ: ҰЛТТЫҚ ПАРК және ТУРИЗМ

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ұлт ұясы – Ұлытауда туризмді түлету, Ұлттық паркке қолдау көрсету мақсатында Біріккен Ұлттар ұйымының Даму бағдарламасы аясында ұйымның биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі жобаларының менеджерлері мен QazagGeography республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдері қатысқан Сапар орталығында жиын өтті.



Түпкі меже қасиетті Ұлытау өңірінде туризм мен Ұлттық паркті дамытуды мақсат тұтқан жиынға аудан әкімінің орынбасары Мақсұт Оспанов, «Ұлытау» ұлттық табиғи паркінің директоры Айдын Серкебаев сонымен бірге аудандық деңгейдегі мекеме басшылары және ауыл ақсақалдары қатысты. Басқосуда БҰҰДБ биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі жобалардың менеджері Талғат Кертешев QazagGeography РҚБ басқарма төрағасының орынбасары Артур Әбуәкіров, QazagGeography департамент директоры Леонид Кочетов, QazagGeography жоба менеджері Мәдина Кинайтова туризм инфрақұрылымын қалыптастыру,

дамыту үшін өңірдің бірегей тарихи-мәдени және географиялық нысандарына назар аударылып, ұлттық табиғи паркке қолдау көрсету қарастырылды. Сонымен қатар, менеджерлер Біріккен Ұлттар ұйымының Даму бағдарламасына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» мемлекеттік мекемесінің жобасы шеңберінде 2014-2024 жылдарға арналған «ЭКО-ДАМУ» шағын несие бағдарламасының тиімді жолдарын кеңірек түсіндірді. Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Мақсұт Оспанов, «Ұлытау» ұлттық табиғи паркінің директоры Айдын Серкебаев, ау-



шетелдерден келген, сондай-ақ, отандық туристерге қолайлы жағдай тудыру шаралары туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Осы бағытта қолға алынатын пәрменді әрекеттер мен келешектегі жоспарлы шаралар хақында толыққанды мәліметтер ұсынды. Негізінде, QazagGeography бірлестігінің мақсаты – география және онымен байланысты ғылымдарды зерттеу және танымал ету, ғылымды, білімді және қоршаған ортаны қорғауды насихаттау, қоршаған ортаны қорғау шараларына қатысу. Қазақстанның табиғи, тарихи және мәдени мұраларын танымал ету. Осы мақсатта Ұлытау туризмін

дандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлнар Ауғанова күн тәртібіндегі мәселеге орайлас, ортақ мүдде шеңберінде өздерінің пайымдарын ортаға салып, өңірде қарастырылып отырған маңызды мәселелерге қатысты ой-тұжырымдарымен бөлісті.

Сондай-ақ, Ұлытау аймағында туризмді дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстармен қолға алуды қажет ететін шаралар ауқымды жан-жақты әрі кең көлемде талқыланып, соңғы түйінінде тұжырымды ұсыныстар мәлімдемесі жасалды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ 2022 жылды Балалар жылы деп жариялап, оларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек екенін айтып, тапсырма берген еді. «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскемен ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Мемлекет басшысы.



**Балалар
жылы
2022**

БАЛАЛАРҒА – КЕДЕРГІСІЗ ҚОҒАМ

Біздің қоғам – балаларға кедергісіз қоғам. Барлық жақсылықты балаларға үйіп-төгуде. Шын мәнінде балаларды қуантқаннан артық не бар, бұл өмірде? Олардың жайнаған жүзін көріп, күміс күлкісін естіп, алаңсыз бақытты балалық шағын тамашалағаннан артық ғажап нәрсе болмас. Баланы қуанту – әлемге шуақ шашумен тең. Өйткені, балақайлар – болашағымыздың баянды жолы, өміріміздің мәні, көңіліміздің сәні. Балаға жасалған бар жақсылық болашақ жолындағы ұлы іспен тең.

Алайда, бойына біткен сырқатпен күресіп, балалық балғын шақтың бал дәмін тата алмай келе жатқан балалар да бар арамызда. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі берген ақпаратқа қарасақ, ұлт ұясында 33 мүмкіндігі шектеулі бала бар екен. Мұның ішінде 12 балаға үйде әлеуметтік қызмет көрсетіліп отыр. Олармен 6 қызмет көрсету маманы жұмыс істейді.

– Біз өз күтіміміздегі балаларға қолдан келгенше көмек көрсетіп жатырмыз. Жаңа жыл мерекесіне орай 18 жасқа толмаған 33 мүмкіндігі шектеулі балаларға және 7 ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни, 14585 теңгеден әлеуметтік көмек көрсетілді.

Мұның сыртында, мүмкіндігі шектеулі 9 бала әлеуметтік қызмет көрсету порталы арқылы жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес гигиеналық құралдарға тапсырыс беріп, 3 балаға 730 данадан гигиеналық құралдар берілді. Қалғаны әлеуметтік қызмет көрсету порталы уақытына сәйкес өз кезегін күтуде. «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты бойынша мүмкіндігі шектеулі 4 бала әлеуметтік қызмет көрсету порталы арқылы тапсырыс беріп, өз кезегін күтуде, – дейді Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Арай Ташенова.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде де аталмыш санаттағы балалар түрлі іс-шаралар мен сый-сияпаттардан құр қалмақ емес. Осы мақсатта қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары өңірдегі қалталы, жомарт жандарға хат жазып, балаларды мерекеде қуантуға үлес қосуға шақырып отыр. Өрине, олар бұл қайырымдылық шарадан сырт қалмайды деп ойлаймыз. Бала – баршаамыздың бақытымыз. Болашағымыз. Ендеше балаларды қуанышқа кенелтуге қолдан келгенімізше көмектесейік.

ШӘКІРТТЕРІМ БАСТАУЫШПЕН ҚОШТАСТЫ

Адам баласының есінде ерекше сақталып қалатын сәттер болады. Сондай сәттердің бірі - 2017 жылы Қарағанды қаласында колледжде оқып жүрген кезімде байқауға қатысып жүлдемен оралған кезім. Сонда колледж директоры Ғани БАЙМАҒАНБЕТҚЫЗЫ маған ерекше назар аударып «Гүлжазира сенің жүзіңнен жақсы мұғалім болатының көрініп тұр, сондай жүзің жылы екен» дегені менің жадымда мәңгі сақталып қалды.

директоры Ұлан Боранбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебізін білдірді. Шәкірттерім Дінмұхаммед Әбжалел, Санжар Ұланұлы, Ақжол Ғазиз, Ақгүл Мұбарак, Сәзім Әділбек, Арайлым Қайырбек өздерінің жүрек түкпірінде жатқан сөздерін айтып, көрерменді бір толқытты. Мен де алғашқы шәкірттерім болғандықтан ба, оларды орта буынға шығарып салар сәтте қимастық сезімде болдым. Олар мені әрдайым естеріне алып жүрсін деген сыңаймен естелік сыйлықтар табыстадым. Сол кезде олардың жүздерінен ұшқын атқан қуанышқа толы сезімді байқадым. Шәкірттерімнің қуанғанын көру



Сол сәттен бастап, өзімді «жақсы ұстаз» ретінде көрсетуге тырыстым. Алдағы мақсаттарымды айқындап, өз ісіме жауапкершілікпен қарауға тырыстым. Армандарымның басым бөлігі оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру болды. Сол армандарымның жетегінде жүріп, колледжді бітірісімен, өзім туып-өскен Терісаққан ауылындағы мектептің бастауыш сыныбына мұғалім болып орналастым. Биыл міне, шәкірттерім 4 сыныпты аяқтады. «Қош бол, бастауыш!» деп аталатын мерекелік кешті өткіздім. 4-сынып оқушылары ұстаздарға, ата-аналарға арнап өлеңдерін оқып, әндерін шырқады. Шара барысында мектеп

мен үшін бір бақыт еді. Ақыры, сол арманыма жеткендей болдым. Ата-аналар да маған алғысын жаудырып жатты. Демек, мен өзіме сенім артқан жандардың үмітін ақтадым деп ойлаймын. Өсіресе, кешегі ойын қуып жүрген балғындардың өз ойын ашық жеткізіп жатқаны мені қатты қуантты. Сөз соңында айтарым, бастауыштан орта буынға қадам басқан шәкірттерімнің алар асуы биік болсын – демекпін!

**Гүлжазира ӘБРАЗАҚ,
№9 Терісаққан орта мектебі
бастауыш сыныбының мұғалімі.**

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЭКО-ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ ЖАС БУЫНДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҮЛЕСІ

Табиғат – адам өмірінің ажырағысыз элементі. Қазақстан өзендерді, көлдерді, ормандарды, тауларды қамтитын түрлі табиғи ресурстарға бай. Сол ресурстарды өз ғұмырында күнделікті пайдаланатын адам табиғатқа қаншалықты зиянын тигізіп жатқаны туралы жиі ойлануы тиіс. Қазір қоршаған ортаға қамқорлық пен табиғатты аялау, экологиялық тәрбие мәселелері елдегі басты тақырыптарға айналып келеді.

Түйсігі бар әр адам экологиялық тәрбие – қоршаған табиғи ортаны қастерлей білуге қалыптастыру, табиғатты аялау қажеттілігін сезіндіруге және сол табиғаттың оның дәл өзі секілді жанды жаратылыс екенін бағамдауға бастар тәсіл бола-рын жақсы біледі. Табиғаттың күші аса қуатты, алайда шексіз емес. Міне, сондықтан да балаларды өздерін қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу аса маңызды: бұл көп жағдайда тұлғаның өсіп-жетілуіне әсер етеді. Жастардың азаматтық танымын тәрбиелеу мен дамытуда, өз елінің тазалығы үшін жауапкершілігін, қоршаған ортаға қатысты сауатсыздық пен мәдениетсіздікке төзбеушілігін қалыптастыруда экологиялық білім беру аса маңызды бағыттардың бірі болуы тиіс.

Биылғы жылы «Қазақстанның ЭкологиялықҚоры» ҚҚ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру» гранттық жобасын іске асыруда. Жоба үстіміздегі жылдың сәуір айынан қараша айына дейін жүргізіледі.

«Біздің Қор 10 жылдан аса мерзім экологиялық мәселелерді шешу, экологиялық сауаттылық пен әлеуметтік жауапкершілікті арттыру жұмыстарымен шұғылданып келеді. Мемлекеттік органдармен, сондай-ақ, білім беру мекемелерімен, ҰЕҰ және басқаларымен белсенді жұмыс жүргізіп келеміз. Жоба аясында биылғы жылға түрлі іс-шаралар, акциялар, сонымен қатар, жастар бастамаларын қолдау мақсатындағы конкурстар жоспарланған. Елордадағы «№43 қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ алаңындаэко-блоггинг мектебін құру сондай бастамалардың бірі болып табылады. Ол қалың қауымға фауна мен флораны қорғау туралы тартымды ақпараттар жазылған экологиялық бейнебаяндарды ұсыну үшін бүкіл ел бойынша блогер-балаларды тартатын болады. Қазір интернет пен әлеуметтік желілердің заманы екені белгілі. Бұл жерде жас буын өкілдері көптеген ақпарат алады, біз үшін оның дұрыс әрі тиімді ақпарат болғаны өте маңызды. Оқушылар мұнда посттар жазуды, видеороликтер түсіруді, флора мен фаунаны қорғауға қатысты пайдалы ақпараты бар тікелей эфирлер жүргізуді үйренеді», – деп атап өтті Қор Президенті Айгүл Абдуалиева.

Жобаны жүзеге асыру барысында қызықты акциялар – ке-

шенді іс-шаралар өткізілді. Онда бір мезгілде түрлі тапсырмалар орындалды: танымдық, эстетикалық және басқалары. «Айыр-бас» акциясы барысында астана мектептерінің оқушылары 1 келі пластикті 1 шөлмек шырынға, 10 жазылған дәптерді 1 таза-сына айырбастау мүмкіндігін иеленді. 400 келіден астам макулатура және 100 келі пластик өткізілді. Іс-шара балалар мен ересектердіңэкологиялық және әлеуметтік міндеттердібірлесе шешуіне бағытталды. Біздің әрқайсымыздың басқаларға қандайда бір ақысыз-пұлсыз көмек жасау мүмкіндігіміз бар, ал кәдімгі «қоқыс» – қажетті әрі құнды ресурс. Аталған акция қалдықтарды бөлектеп жинау мәдениетін дамытудың маңыздыэлементі болып табылады әрі елдегі қалдықтар үйінділері мен қоқысты өңдеу проблемасына назар аудартады.

Келесі акция – «Құстарға бірге баспана сыйлаймыз. Оған Нұр-Сұлтан қаласындағы №42, 43, 44 орта мектептердің оқушылары қатысты. Балалар мектептер маңындағы ағашты саябақтарда 80-нен аса құс ұяларын орнатты және әр оқушыға алма сыйланды. Сондай-ақ, ата-аналармен бірге түрлі материалдарданқұстарға жем шашу орындары әзірленді, оның барысында тың шығармашылық орындау ерекшеліктеріне көңіл бөлінді. Басты мақсат – балалар мен ересектердің экологиялық қозғалысқа ден қоюы, қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және қорғау, сондай-ақ, құстарға көмек көрсету мәселелеріне назар аударылды.

Оқушылар да экологиялық іс-шараларға қатысу нәтижесінде жеке тұлға ретінде төмендегідейерекшеліктер сапасы арта түседі:

- қоршаған әлемді тануға де-ген қызығушылық;
- табиғи ортаны сақтау мен қорғауға мүдделі болу;
- экологиялық проблемалар мен оларды туындататын себептерді түсіну;
- өз Отаны мен халқына сүйіспеншілігінің артуы, соған қатыстылығы үшін мақтанш сезімінің оянуы;
- мектеп аумағының көгалдандырылуы мен абаттандырылуына мүдделі болу.

Басты назар экологиялық сауаттылық пен танымды, оқушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық білім беру мен оның танымалдығын арттыру, қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу тәжірибесін кеңейту, сонымен қатар, экологияға қатысты әлеуметтік ұстаным белсенділігін да-

мыту талаптарына аударылды. Сәуір айында өткізілген акциялар «№43 қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ-де республикалық «Жасыл челленджін» іске қосумен аяқталды. Эстафета Павлодар, Маңғыстау, Түркістан облыстары мектептеріне берілді. Олар мектептер аумағында тал көшеттерін отырғызуды жалғастырады. Ағаштар қатары жыл сайын дәстүрлі негізде ұлғайып отыратын болады. Аталған іс-шара экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мектептерде жаңа пән енгізіп, балаларға экологиялық білім беру туралы айтқан еді. Көтерілген тақырыптың өзектілігі – экологиялық тәрбие мен білімнің бүгінгі таңда мейлінше маңызды сипатты иеленуінде: осы кезеңде ғұмыр кешіп жатқан адамдардың кең мазмұнды экологиялық танымы мен мәдениетіне Жер шары мен адамзатты апатты ахуалдан алып шығуға қауқарлы. Экологиялық сана-сезімге негізделген бұл жоба қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға қалыптастырады. Жобаны жүзеге асыру барысында экологиялық мәдениетке қатысты қоқысты сұрыптау мен өңдеу, оларға екінші өмір сыйлау, суды үнемдеу, сондай-ақ, қалалар мен ауылдарға іргелес аумақтар мен аулаларда тазалықты сақтау туралы видеокурс-тар өткізу жоспарланған. Үздік орындарды иеленген креативті видеоларды түсірушілерге дипломдар, сертификаттар, кітаптар, бағалы сыйлықтар тапсырылып, қаржылай сыйақылар беріледі. Түркістан облысының Шардара қаласында шағын сәулет мүсінін пайдаланып, 100 түп ағаш отырғызылады. Шардара ауданы әкімінің аппараты жер телімін бөлуге, нысанды абаттандыруға ықпал жасайды, одан әрі көшеттерді суару мен күтіп-баптауды тұрақты негізде қамтамасыз етеді. Жастардың экологиялық мәдениеті мен әлеуметтік жауапкершілік деңгейін көтеру мақсатында оқушылар үшін тренингтер, студенттерге, магистранттар мен аспиранттарға арналған халықаралық форум ұйымдастырылады.

Қазір ауқымды экологиялық проблемалардың түйінін тарқату тек қана технологиялық шешімдерге тірелмейді, сонымен қатар, терең әлеуметтік өзгерістерді қажетсінеді. Оның астарында ойлау, дүниетаным, санадағы сілкініс, «мидағы төңкеріс» секілді адами құндылықтарды өзгерту талабы жатыр. Осы ретте жастарға экологиялық тәрбие берудің теориялық іргетасы міндеттердің бірлесе шешілуіне негізделуі тиіс: оқыту және тәрбиелеу. Экологиялық тұрғыда сауатты және тәрбиелі тұлғаны тәрбие берудің түрлі тәсілдерін оңтайлы пайдалана отырып, қалыптастыруға болады.

Камарья ДЖАЗБАЕВА,
жоба менеджері.



Ключевая задача проекта «Жасыл ел» заключается в приобщении молодежи к общественно-полезному труду. Занимаясь благоустройством и озеленением населенных пунктов, молодое поколение не только получает возможность пополнения семейного бюджета, но, в то же время, приобретает навыки социального взаимодействия, формирует в себе культуру бережного отношения к окружающей среде.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» - 2022: НОВЫЕ ПЕРЕМЕНЫ КЛУЧШЕМУ



2022 год, озаменованный Годом детей, несет большие перемены для «Жасыл ел» Карагандинской области.

На реализацию проектов текущем году из местного бюджета предусмотрено свыше 289 млн. тенге, что в два раза больше в сравнении с цифрами прошлого года (137,4 млн.). При этом основная часть средств выделяется бюджетам городов и районов, что позволит обеспечить своевременность выплаты заработной платы участникам проекта.

По итогам объявленного приема документов, проведенного в период с 1 по 31 марта, на участие в трудовом сезоне 2022 года принято более 2,5 тыс. заявлений. Стоит отметить, что в новом сезоне отмечается большой наплыв желающих, что подтверждает рост популярности проекта «Жасыл ел» среди школьников и студентов.

В результате рассмотрения заявлений с целью трудоустройства отобраны

2 211 человек. Здесь, важно подчеркнуть приоритетность зачисления в ряды «Жасыл ел» подростков из социально уязвимых слоев населения. Так, в новом сезоне порядка 39% участников будут представлены подростками, нуждающимися в особой поддержке со стороны государства: многодетные семьи (380 чел.), неполные семьи (261 чел.), малообеспеченные семьи (106

чел.), категория «кандастар» (63 чел.) и дети-сироты (52 чел.).

Наибольший охват планируется обеспечить в городах Караганда (350 чел.), Темиртау (300 чел.) и Бухар-Жырауском районе (180 чел.).

Кроме того, с текущего года в рамках проекта «Жасыл ел» будет применяться обновленная модель оплаты труда, согласно которой заработная плата участников составит от 60 тыс. до 90 тыс. тенге в зависимости от количества отработанных часов. Все участники будут обеспечиваться фирменной экипировкой «Жасыл ел», которая также может послужить подросткам в качестве спортивного костюма. На эти цели из областного бюджета выделено свыше 47 млн. тенге.

Открытие XVIII летнего трудового сезона «Жасыл ел» состоится 27 мая, и пройдет в формате молодежной спартакиады. Трудовой сезон продлится с 1 июня по 31 августа.

Полагаем, что, создаваемые условия будут по достоинству оценены участниками «Жасыл ел» и родительской общественностью.

«Жасыл ел» – проводи лето с пользой!

Управление по вопросам
молодежной политики
Карагандинской области.

Қоғам. Адам. Заң

Несін жасырайық, өндіріс ошағы өркендеп тұрмаған елді мекендердегі ауыл тұрғындары үшін күнкөрістің бірден-бір көзі – алдындағы малы. Соған сенеді, соған сүйенеді. Бордақылап соғымға сойсам, той-томалақ, өлім-жітімде жұмсасам дейді. Дүкендегі қарызымды қайтарып, өсіп келе жатқан ұл-қыздың оқу ақысын төлесем, көйлегін көк, қарнын тоқ етсем, деп жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Соны ойлап жаз болса аптап ыстық, енді бірде жауған жаңбырмен жағаласып жемшөптің жағдайымен жүргені. Екінің бірінде техника қайдан болсын, сол орган шөбін тасымалдайтын жанар-жағармай шығыны, жеткізіп берушінің төлемақысы тағы бар. Қыс түссе әлгі орган жем-шөбі жер қарайғанша жете ме, жоқ жетпей ме, деп тағы сол сары уайымға салынады. Сол еңбегі еселеніп қайтса жақсы ғой. Алып-сатарлардың алдап-арбауымен мал да қымбатқа бағалана қоймайды.

Сондағы өкініштің ең сорақысы айлап-жылдап баққан малдан бір-ақ сәтте айырылып қалып, сан соғып отыру болса керек-ті. Бәрінен бұрын барымташылардың осы жаман әдеті өзекті өртейді. Осы мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі назарда ұстап келеді. Мәселен, өткен жылы сәуірде Президент Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысына қатысып, барымтаға барудан бас тартпайтын дараға қатысты заңды қатайтуды тапсырған еді. Сол жылы маусымда Президент Жамбыл облысының тұрғындарымен кездесу кезінде: «Соңғы кезде қорадағы малын таппай қалатын азаматтар көбейіп барады. Өткен жылы елімізде 5,5 мың мал ұрлығы тіркелген. Ұрлық жақсылыққа апармайды! Бұған тыйым салу керек! Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет! Заңды қатайтып, қылмыскерлерді сыбайластарымен қосып, қатаң жазалау керек», - деп айрықша атап өткен болатын.

2019 жылы қазанда Президент

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА КҮШЕЙТІЛДІ

«Мал баққан ауыл адамының көрген бейнеті мен тартқан азабын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жемшөбін шашпай-төкпей жинап алып, ауру-сырқауының алдын алу, күн сайын қора-қопсысын тазалап, өрісте жүріп өрістеп кеткенін сандалып соңынан іздеу де бір бейнет. Малсақ адамның жыл он екі ай көретіні – осы. Ол ол ма, ит жетектеп төрт аяқты түз тағысынан қору былай тұрсын, екі аяқты барымташының залалы мен зардабы жанға батады.»

өзінің Twitter-дегі жеке парақшасында осы мәселеге қатысты: «Заңға өзгертулер енгізуді тапсырдым: алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені, сондай-ақ мал ұрлығы үшін берілетін жазаны қатаңдату қажет», - деп жазды. Мемлекет басшысы бір емес, бірнеше мәрте ескерткен соң, қандай да бір қозғалыс болу керек еді. Ақыры, сол қадам өткен жылдың соңында жасалды. Ішкі істер министрлігі Қылмыстық Кодекске «Мал ұрлығы» туралы жеке бап енгізілгенін хабарлады. Аталған бапта ауыл тұрғындарын алаңдатып отырған барымташылардың жазасы күшейтілді. Яғни, заң бұзушылықтың бұл түрі аса ауыр қылмыстардың қатарына жатқызылды.

Мұндайда еліміздің заң шығару органы неліктен осындай қадамға барды деген заңды сауал туындайды. Оны да айтайық.

Мәселен, бұған дейін еліміздегі Қылмыстық-процессуалдық кодекстің 147-бабына сәйкес, заң бұзушыларды қамауға алуды бұлтартпау шарасы ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасаған азаматтарға ғана қолданылып келді. Сонымен қатар Қылмыстық Кодекстің 68-бабына сүйеніп, аса ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам жәбірленушімен, арыз берушімен

татуласқан (соның ішінде медиация тәртібімен), келтірген зиянның орнын толтырған жағдайда жазадан әп-сәтте құтылып шығатын еді. Бұл бір жағынан құқық қорғау органдары үшін қолбайлау болды.

Ендігі күні осы олқылықтың орны толып, қылмыскерлердің жауапкершіліктен «құтылып шығар жолы» жабылды. Өткен жылдың соңында Президент еліміздегі қылмыстық заңнаманы жетілдіру жөніндегі заңға қол қойды. Соның ішінде осы мал ұрлығына қатысты бап та бар. Бұдан былай, қылмыстың осы түрін жасағандар үшін «теріс қылық» пен «орташа ауыр қылмыс» деген анықтама алынып тасталды. Жаза да күшейді.

Ендігі күні бөтен адамның төрт түлігіне қол салған адам ең аз дегенде 7 млн теңге көлеміндегі айыппұлмен ғана құтыла алады. Айыппұл – жазаның ең жеңіл түрі. Себебі, барымтаға барғаны үшін 5 жыл бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Ал егер көп адам болып топтасып, ұрлыққа алдын ала сөз байласып барған болса қылмыскерлердің бас бостандығынан айырылу мерзімі 7 жылға дейін созылады. Осы адам сүйгісіз әрекетке бірнеше рет барса немесе мал қораға кіріп ұрлық қылса жазалау мерзімі 10 жылды құрайды. Сонымен қатар ұрлық аса ірі көлемде жасалып, мұнымен қоймай барымташылық

қылмыстық топ болып жасалса қылмыскерлер 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Заңдағы бұл өзгерістер мен түзетулердің бұрынғысынан тағы бір ерекшелігі сол, осы санаттағы қылмыстар бойынша татуласуға мүлде рұқсат жоқ.

Мал ұрлығына қатысты заң тек бізде ғана қатаңдап отырған жоқ. Мәселен, шекараның арғы жағындағы Өзбекстанда қайталап ұрлыққа барғандарды 8-ден 15 жылға дейін бас бостандығынан айырады екен.

Қылмыстың осы түріне бел бұғандарды құрықтау да оңай болмай тұр. Полиция қызметкерлерінің айтуынша, оған ең алдымен өрістегі төрт түліктің қараусыз қалуы себеп болып отыр. Сонымен қатар малды жалған ветеринарлық төлқұжатпен алып жүру деректері көптеп кездеседі. Кей кездері мал иесі де ұрлық фактісі туралы тиісті органдарға кешегідей хабарласатын көрінеді. Бұған қоса малды сәйкестендіру мен есепке алу кезінде де бірқатар шешілмеген мәселелер бар. Тергеу, іздестіру амалдарын қиындататын тағы бір жағдай өрісте қараусыз жүрген малды іздеуге құқық қорғау органдары тарапынан көп күш пен ресурс жұмсалады. Полиция қызметкері апталап мал іздеп, тіпті кей кездері бұл жұмысқа тікұшақ жалдауға да мәжбүр болады. Бір өкініштісі сол, осы мәселелерді оңтайландырып, жұмысты жеделдетудің амалдары әлі де жүйелі жолға қойылмай келеді.

Бүгінде елімізде ресми мәлімет бойынша бас-аяғы 80 мыңнан астам төртін сақшысы бар. Солай екен деп қылмыс саны азайып кетсе, көне? Жыл сайын Қазақстанда жасалатын қылмыстың

70%-ға жуығы осы ұрлық мәселесіне қатысты болып отыр. Соның ішінде осы мал ұрлығы тыйылар емес. Өткен жылдың өзінде осы сипаттағы 4700 қылмыстық іс тіркеліпті. Кейінгі бес жылда елімізде бас-аяғы 91 мыңнан астам мал ұрланған көрінеді. Соның 42,5 мыңы иесіне қайтарылды.

«Қайтқан малда береке бар», - дейді халқымыз. Малмен қатар, заң қатаңдағалы ырыс пен берекеміз де қайтып келіп жатқан секілді.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрі Марат Ахметжанов былай: «Ауыр қылмыстың бірі – мал ұрлығы. Президент осы мәселеге ерекше көңіл бөлуде. Бүгінде мал халықтың байлығы ғана емес, ол қашан да тіршіліктің көзі. Қазақ амандасқанда алдымен: «Мал-жан аман ба?» - деп сұрайды. Оның мағынасы зор. Себебі, қарапайым қазақ аздаған малмен жан бағып отыр. Соңғы жылдары мал ұрлығы кәсіпке айналып, ұйымдасқан қылмыс түрі болып кетті. Сондықтан Қылмыстық кодекске «Мал ұрлау» деген жеке бап қосылды. Ол өз нәтижесін беруде. Қазіргі күні мал ұрлығы 24%-ға азайып отыр», - дейді.

Оның айтуынша, барымташыларға қолданылатын жазаның ауырлап, татуласуға тыйым салынуы – ұрлыққа мықты тосқауыл болып отыр.

«Қазақтың жаман міні – мал ұрлығы». Өкінішке қарай, Абай айтқан осы бір жаман міннен әлі де арыла алмай келеміз. Заман өзгерді дегенімізбен, адамзат баласының өзгере қоймағанына хакімнің осы бір сөзі дәлел болса керек-ті. Көш жүре түзеледі ғой. Сол ұлы көшіміздің тізгінін ұстаған Мемлекет басшысы жыл санап олқылықтардың орнын толтырып келеді. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде. Ой жүзінде емес, заң жүзінде!

Ж.ШУЖЕНОВ,
Қарағанды облысы
Ұлытау аудандық соты
төрағасының міндетін
атқарушы.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін Қарағанды облысы әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығын тағайындау бойынша жыл сайынғы байқауға қатысуға шақырады.

Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:

1. «Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің арнайы сыйлығы – журналистиканы дамытудағы ерекше еңбегі үшін. Сыйлық нақты бір журналистке немесе ұжымға тапсырылуы мүмкін.
2. «Мамандыққа адалдығы үшін» – кәсіптік қызмет өтілі 20 жылдан артық, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы марапаттарының, Құрмет грамоталарының, озаттық белгілерінің, Қарағанды облысының қоғамдық ұйымдарының, кәсіподақтарының, діни бірлестіктерінің, мекемелері мен ведомствалардың ұсыным-мінездemesінің болуы.
3. «Белсенді өмірлік ұстанымы үшін» – жоғары адамгершілік құндылықтарды, аға ұрпақты сыйлауды насихаттағаны және тәрбиелегені, соғыс және еңбек ардагерлерінің ерліктерін дәріптегені, қоғамдық тәртіпті, мәдениет және өзін-өзі ұстау нормаларын сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуды, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды насихаттағаны үшін.



4. «Объектив шебері» – бұл номинацияда жеңімпазды анықтау өлшемі материалдың көркемдік құндылығы, бейненің статикалық еместігі және динамикасы, фото/бейнесуреттің берілген ақпаратқа сәйкестігі болып табылады.
5. «Ауыл тақырыбын үздік жариялау» – селолық аудандарды,

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ

«АЛТЫН СҰҢҚАР» СЫҰЛЫҒЫНА ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАДЫ

Қарағанды облысының және жалпы Қазақстан экономикасының агроөнеркәсіптік секторын насихаттауға және дамытуға бағытталған ауылшаруашылығы саласындағы жетістіктерді сапалық әрі сандық жағынан жариялау.

6. «Әлеуметтік тақырыпты үздік жариялау» – денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы тақырыптарды сапалық және сандық жағынан жариялау, сондай-ақ материал беру мен кәсібиліктің бірегейлігі.

7. «Өндіріс тақырыбын үздік жариялау» – кәсіпкерлікті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, индустриалды-инновациялық саясат, кластерлік бастама тақырыптарын сандық және сапалық жағынан жариялау.

8. «Алғашқы табыстары үшін» – ұсыным-сипаттама түрінде ресімделген әріптестерінің, шығармашылық одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің құрметіне бөленген жас журналистің өзі көтерген мәселелерді жариялаудағы біліктілігі, кәсібилігі.

9. «Жылдың үздік шығар-

машылық жұмысы» – БАҚ-ты және/немесе жеке жоба, материалдар сериясын ұйымдастырудағы үздік идея, бағдарлама, шығармашылық тәсіл үшін берілетін номинация.

10. «Мәнер мен атқарымдылық үшін» – техникалық және шығармашылық қызметкерлерге: жоғары кәсібилікке ие дыбыстық режиссерлерге, режиссерлерге, корректорларға, беттеушілерге, инженерлерге, дизайнерлерге, бейне-инженерлерге арналған номинация.

11. «Әлеуметтік желілердегі өзекті мәселелерді үздік жариялағаны үшін» – мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын жүйелі, сапалы жариялағаны, облыстың әлеуметтік өмірін әлеуметтік желілерде жариялағаны үшін БАҚ өкіліне, блогерге беріледі.

Сыйлықтар Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына лауреаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның шешімімен конкурстық негізде тағайындалады.

Сыйлық беру жөніндегі комиссияның қарауына кандидаттарды газеттер мен журналдардың редакциялары, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдері, сондай-ақ,

блогерлермен журналистердің өздері, БАҚ қызметкерлері ұсынады.

Ұсынысқа мыналар қоса тіркеледі:

- қысқаша өмірбаян;
- 3 әртүрлі, көркем фотосурет;
- ақпараттық материалдар тізімі. Бір автор бірнеше материалдарын ұсына алады, алайда олардың саны 5-тен аспауы тиіс.

Әртүрлі жанрдағы материалдар (очерк, интервью, мақала, телевизиялық және радиохабарлар, әлеуметтік зерттеулер және т. б.), сондай-ақ жарияланымдар мен хабарлар топтамасы қабылданады.

Жарияланымдар түпнұсқада (толық басылымы берілгені дұрыс) немесе материалдардың ксерокөшірмелері (басылымның атауы, мерзімі және авторымен хабарласудың толық мәліметтерімен қоса), радиобағдарламалар мен телехабарлар компанияның атауы мен эфирге шыққан күні көрсетіліп – тиісінше аудиожазба және бейнежазба (cd/dvdдискілері) түрінде өткізілуі тиіс.

Өмірбаяны туралы ақпаратты d.akisheva@karaganda-region.gov.kz электронды мекен-жайына жіберу қажет.

Өтінімдер 2022 жылдың 24 мамыры – 19 маусымы аралығында Қарағанды қ., Әлиханов көш., 13, каб. 410 (Ішкі саясат басқармасы) мекенжайы бойынша қабылданады.

ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕРДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ

Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде, запастағы офицерлерді екі жыл мерзімге әскери қызметке шақыру жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан Республикасы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 32-бабына сәйкес 29 жасқа дейінгі (медициналық мамандық бойынша 32 жасқа дейінгі) запастағы офицерлер шақырылады. Биылғы жылы, еліміз бойынша, запастағы 190 офицерлер шақыру жоспарланған. Оның ішінде 150 офицер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, 40 офицер ҰҚК шекара қызметіне шақырылады. Әскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлер, Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру қағазы бойынша әскерге шақыру комиссиясына келуге міндетті.



Бүгінгі таңда әскери қызметшілердің әлеуметтік хал-ахуалына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп, барынша жан-жақты қамтылған және олардың құқықтары заңды түрде қорғалған.

- Әскери қызмет атқару кезінде баспанаман қамтамасыз етіледі;

- Баспананы жалдау, коммуналдық шығындарға қаржылық өтемақы төленеді;

- Әскери қызметшілердің балалары тұрғылықты жері бойынша бала бақшаға кезексіз орналастырылады;

- Әскери қызметшілершілер мен олардың жанұялары әскери-медициналық мекемелерде мемлекет тарапынан тегін емделеді;

- Қазақстан Республикасында, жақын және алыс шетелдердегі Жоғарғы әскери оқу орындарында кәсіби деңгейіңізді көтеруге мүмкіндік ала аласыздар.

Толық ақпаратты Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен алуларыңызға болады.

- Мекен - жайымыз: Ұлытау селосы. Абай көшесі 17.

- Байланыс телефондары: 8(71035)21471; 21456; 21601.

Ұлытау ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі
бөлімі.

Төтенше жағдай бөлімі ескертеді

Суға қауіпсіздік ережелерін сақтау келеңсіздіктің алқын апақы

Жаз – еңбек демалыстарының, саяхаттың, күлімдеген күннің, таза ауаның және шомылудың маусымы. Шомылу демекші, бұл – осы мезгілдің ең рақат сәттерінің бірі. Шомылуды бәрі де жақсы көреді. Алайда, өз денсаулығына зиянын тигізбей, «дұрыс» шомылудың ережелерін бәрі жақсы біледі деп айта алмаймыз.

Бір айта кететін жайыт ол, Ұлытау ауданы аумағында арнайы суға шомылу орындары қарастырылмаған. Аудан тұрғындары және демалуға келуші қонақтар суға шомылуға, ағып жатқан өзен-көлдерге және қарасуларға келеді.

Келеңсіз оқиғалардың алдын алу барысында, жазғы маусым кезінде, Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі және ауданның полиция қызметкерлерімен бірлесіп, қарапайым халыққа таныс емес жерлерде суға түсуге, суға түсу ережелері сияқты түсіндірме жұ-

мыстарын жүргізуде. Төмендегідей қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз;

Суық суда бұлшық еттер тартылып, денеңіз тырысып, талып қалуыңыз мүмкін. Осының әсерінен адамдардың қайтыс болған жағдайы аз болмаған. Сондықтан, сізде талма ауруы байқалған болса, жағалаудан алыс кетпегеніңіз абзал және киіміңізге түйрегіш түйреп жүріңіз, аяқ астынан денеңіз тырыса бастағанда түйрегіштің бас жағын денеге түйреу керек.

Жағалауға жете салысымен

суға қойып кетуге болмайды. Температураның күрт өзгеруі буындардың тартылуына апарып соқтырады. Ағзаңызға жаңа ортаға үйренісу үшін 15 минут уақыт беріңіз. Сонан кейін еш кедергісіз шомылуыңызға болады. Өзіңізге таныс емес жерлерге сүңгімеңіз. Тастардан немесе бұталардан жарақат алып қаласыз. Тамақ пен шомылудың арасы бір сағат болуы керек. Тамаққа тойып, суға секіруге болмайды.

Сонымен қатар, Төтенше жағдай оқиғалары туындаған кезде, шұғыл қызметтің «101», «112» телефондарына хабарламалар, ақпараттар беру мүмкіндіктері қарастырылған.

Серік МҰҚҰШ,
Ұлытау ауданы ТЖБ
инженері, азаматтық
қорғау лейтенанты.

ХҚКО хабарлайды

Үшінші тұлғамен анықтама алу сервисі

Өмірімізде қағазбастылықтың азайғаны қуантады. Бұрын мекемелер жеке-жеке анықтама сұрататын. Қазір керек еткен тарап ақпаратпен онлайн таныса алады. Әрине, сіздің рұқсатыңызбен. Үшінші тұлғамен анықтама алу сервисі арқылы псих-наркодиспансерлерінен, жылжымайтын мүлктің немесе сотталықтың болуы/болмауы, зейнетақы жинақтарының жай-күйі, салық бойынша берешек және т.б. 21 анықтама қолжетімді.

Ол үшін сұратушы тарап:

1. Egov.kz порталында авторизациядан өтеді;
2. Сервисті тауып, сіздің ЖСН-іңізді енгізеді;
3. Тізімнен анықтаманың қажетті түрін таңдап, сұрау жібереді.

Сұраным сіздің жеке кабинетіңізге келіп түседі, сондай-ақ телефоныңызға 1414-тен код жазылған смс-хабарлама келеді.

Осы екеуінің бірін пайдаланып, 2 сағат ішінде үшінші тұлғаның анықтама алуына келісім беріңіз немесе бас тарту қажет. 2 сағаттан кейін жіберілген жауап жарамсыз деп есептеледі.

Менингит (миқұрт) – бұл жүйке жүйесінің қатерлі ауруы. Менингит кезінде бас миының қатты қабыршықтары түрлі вирустар мен бактериялардың әсерінен зардап шегеді. Сонымен қатар менингит бас зақымының әсерінен немесе елеулі емделудің салдарынан дамуы мүмкін. Ауруға шалдығудың бірінші түрінің алғашқы кезінде-ақ, яғни инфекция жедел миға түседі, немесе екінші түрінде, яғни менингиттің дамуына басқа инфекциялардың (құлақтың қабынуы, фарингит, желшешек және т.б.) әсер етуі болып екіге бөлінеді. Қорғаныш гематознцефалды кедергіден бас миына өтіп, бактерия мен вирустар ол жерде кедергісіз көбейе алады. Өйткені бұл аймақта бактериялар мен вирустарға төтеп беруге қарсы денелер жоқ. Сол себепті менингитпен (миқұрт) дер кезінде емделіп, ауруды тоқтату керек.

МЕНИНГИТ – ҚАУІПТІ ДЕРТ

Статистикаға сүйенсек, менингиттің 80 пайызы (ұшық, паротит, энтеровирус) сынды вирустардың әсерінен пайда болады. Бұндай аурулар жеңіл өтеді және алдын-ала емделген жағдайда емделуші толық сауығып кете алады.

Менингиттің ең ауыр түрі - бактериялы (пневмококты, гемофильді, менингококты және туберкулезді) аурулар. Олар жылдам дамиды, себебі қоздырушы-бактериялар қан ағымына еніп күрделі асқынуларды жиі шақырады. Олар өлімге әкелулері мүмкін.

Менингитпен кім және қашан ауруы мүмкін?

Қауіп-қатер тобында – балалар! Менингитпен аурудың шыңы балалар арасында 1-ден 6-ға дейінгі жасқа келіп тұр. Мектеп оқушыларының арасында менингитпен ауру, ересектермен салыстырғанда көбірек.

Менингиттің (миқұрт) маусымдық түрі бар: бұл ауруға шалдығу көбіне қыс-көктем айларында жиілейді. Себебі бұл кезде вирустар мен бактериялардың пайда болуы және таралуы жиірек. Сонымен қатар менингиттің жылдық циклі бар. Әр 10-15 жылда ауруға шалдығудың деңгейі көтеріледі.

Менингиттің (Миқұрттың) белгілері.

Менингиттің басқа вирусты және бактериялы аурулардың белгілерімен қатар өзіндік ерекше белгілері бар. Оларды әрбір ата-ана білуі қажет!

- Дененің жоғарғы температурасы (көп жағдайда жоғарғы температурада баланың аяқ-қолдары суық болуы мүмкін),
- бастың өте қатты ауруы,
- көп рет құсу (алайда құсу жеңілдік алып келмейді),
- желке бұлшықеттерінің ебейсіздігі (бала басын алдыға ие алмайды, сол себепті көп жағдайда менингитпен ауратын адам басын артқа еңкейтіп жатады),
- жарықтан үркі,
- терінің бозаруы,
- сіңірдің түйілуі,
- сананың шатасуы немесе жоғалуы,
- басқан кезде жоғалмайтын, қызыл немесе күлгін түстегі бөртпелер менингитке тән, менингококты инфекцияның әсерінен),
- ерте жастағы балаларда (1 жасқа дейін) менингиттің басты белгісі :ұзақ уақыт жылау, ісіну.

Егер, жоғары температурамен қоса жоғарыда көрсетілген белгілердің біреуі болса, дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Менингиттен кейінгі асқынулар. Егер дер кезінде ем алса, менингит жеңіл қайтады. Алайда көп жағдайда баланың денсаулығы менингиттен кейін біраз нашарлайды. Менингиттен кейінгі асқынуларға төменде көрсетілген белгілер жатады.

- көңіл бөлудің бұзылуы, тітіркенгіштік, ашушандық, бастың жиі ауруы; есту қабілетінің жоғалуы немесе керендік;
- сөйлеу қабілетінің іркілісі, психикалық дамудың жалпы кідірісі;
- гидроцефалия (бассүйек ішіндегі қысымның артуы);
- эпилептикалыққа ұқсас ұстамалықтар.

Өртүрлі жағдайда бұл белгілер әлсіреп, уақыт өте келе жоғалып кетуі мүмкін. Сонымен қатар кейде белгілер адамның өмірінің соңына дейін қалып қою мүмкін.

Менингиттен (миқұрттан) қалай қорғануға болады? Өкінішке орай бұл аурудың панацеясы жоқ. Себебі ол көптеген вирустар мен бактериялардың әсерінен туындауы мүмкін. Алайда бұл аурудан алдын ала қорғанудың және оның күрделі түріне ұшырамаудың бірден-бір жолы балаларды дер кезінде туберкулез, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, қызылша, инфекциялы паротит және қызамыққа қарсы вакцинациялау.

Бұл вакциналардың бәрі мемлекеттің атынан тегін жасалады. Себебі олар профилактикалық егудің ұлттық күнтізбесіне енген. Егер бала балабақшаға баратын болса, оны пневмококты, менингококты және b типіндегі мофильді инфекцияға қарсы егу артық болмайды. Біздің елімізде бұл егулер жалпы мемлекеттік масштабта жасалынбайды және ата-анамен төленеді.

Менингит (миқұрт) әлсіреген, көп ауыратын балаларда жиі пайда болады. Сол үшін аурудың алдын алу жолдарына баланың имунитетін арттыру жатады. Яғни: азаны шынықтыру, таза ауада серуендеу, физикалық жүктемелер, дұрыс тамақтану және вирусты және бактериялы инфекциялардың дер кезінде алдын алу.

Мұны білу өте маңызды! Менингитпен өмірде бірнеше рет және оның бірнеше түрімен ауруға болады. Бұл дертке қарсы ағзаның имунитеті жоқ;

• менингитпен аурудың көп жағдайы емделуге берілмейді. Әсіресе егер емделу шаралары алғашқы күндерде орындалған болса. Емделу қаншалықты кеш басталса, асқыну соншалықты жоғарылауы мүмкін;

• кейбір адамдардың менингитке генетикалық түрде бейімділігі бар. Мысалы: егер сіздің отбасыңызда біреу осы аурумен ауырып болса, балаға менингококты, пневмококты және b типіндегі гемофильді инфекцияға қарсы егілу қажет.

• вирусты менингитті бактериялы менингиттен ажыратудың жалғыз белгісі жұлын-ми сұйықтығының анализі. Менингиттің түрін алдын ала ажырата білу өте маңызды, себебі емделу олардың түрлеріне байланысты өзгереді.

Жұлдызай ӨЗІМБАЕВА,
Ұлытау аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Жас түлек-2022



Соңғы қоңырау:

Қуаныш пен қимастық



Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ұлытау өңіріндегі білім ұяларында күміс қоңыраудың сыңғыры естіліп, жұртшылық түлектерге сәт сапар тіледі. Биыл аудан бойынша 90 бала мектеп бітірді. Олардың бесеуі – «Алтын белгіге» үміткер. Ал, «Үздік аттестатқа» үмітін үкілегендер жеті оқушы. Солардың ішінде «Алтын белгіге» екі үміткер – №1 Ұлытау орта мектебінен. Аталған білім ошағынан 11 сыныпты 19 түлек тәмамдап, ата-ананың, ұстаздар қауымының көз қуанышына айналды.



Жиынға аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбек қатысып, ұстаздар қауымы мен түлектерді ақжарыла құттықтады. Бұдан соң аудандық білім бөлімінің басшысы Бағдат Әбдірайымов оқушылар мен



ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, түлектерге сәт сапар тіледі. Ата-аналар атынан сөз алған Елеукен Төлебеков ұстаздар еңбегін жоғары бағалап, қашанда алтын ұядағы білім мен тәрбие алдағы уақытта өз жемісін беретініне сендірді.

Қуаныш пен қимастық сезімі қа-

тар келген мерекеде 1 сынып бүлдіршіндері мектеп бітіргелі тұрған түлектерге естеліктерін жеткізіп, өлең шумақтарын арнады. Түлектер өз кезегінде ізін басып, соңынан ерген жеткіншектерге естелік сыйлықтар табыстады. Қалыптасқан дәстүр бойынша білімнің «Алтын кілтін» мектеп бітіруші түлек Серік Алдаберген 10 сыныптың озат оқушысы Нұржан Бимырзаға тапсырды. Күміс қоңырауды 1 сынып оқушысы Гүлнұр Ысқақ соқты. Оның қолынан Аят Қамариден алып, шаттықтың құшағында ұрпақтар сабақтастығының әдемі көрінісін жұрттың көз алдынан өткізді. Келесі кезекте түлектер мұғалімдерге гүл шоқтарын ұсынып, алғыстарын айтса, ұстаздар қауымы шәкірттеріне сәт сапар

тілеп, қимай қоштасатындықтарын тілге тиек етті. Осы сәтте ән әуезі қалықтап, мектеп бітірушілердің қоштасу вальсіне ұласты.

Жиын соңы алтын ұядан қанат қаққандарына 10, 20, 40, 45, 50 жыл болған түлектердің мектепке естелік сыйлықтар тапсырып, ақжарма тілектерін білдірумен аяқталды.



Балалар шеруі өтеді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Балалардың биылғы мерекесі ауданымызда «Бақытты балалар бейбіт елдің тірегі» деген тақырыппен өтетін болады. Ол бірнеше блоктарға бөлінген. Сол блоктарға сәйкес аудан орталығындағы алаңда әдеттегідей думанды концерттер және байқалар ұйымдастырылады.

– 1 маусым жұмыс күні – сәрсенбіге келіп тұр. Дейтұрғанмен, аудан тұрғындары мен қонақтары үшін бұл күні кең ауқымды бағдарлама ұсынып отырмыз. Соның ең бастысы – 478 оқушы қатысатын балалар шеруі болмақ. Ауданымызда тұңғыш рет өткізіліп отырған бұл шара балалар мен олардың ата-аналарын және аудан қонақтарын бей-жай қалдырмайды деп ойлаймыз. Балалар шеруі балалар мерекесінің думанын қыздыратын болады. Шеру аудан орталығындағы «Жазғы эстрадада» өтеді, – дейді білім бөлімінің әдіскері.

Данагүл Байзаққызының айтуынша, шеруді Қазақстанның туын, ЮНЕСКО-ның туын және Балалар жылының туын көтерген оқушылар бастап, олардың соңынан барабаншылар жүріп өтеді. Екінші топта «Өркен» балалар бақшасының бүлдіршіндері, үшінші топта домбырашылар ансамблі жүріп, олардың соңы хоргеографиялық би ансамблінің балғын бишілер жалғайды. Бұдан кейінгі кезек аудан мектептерінің озаттары мен үздік спортшыларына берілген.

Шеруде ауданның әр мектептерінен келген 1-10 сынып оқушылары жас сарбаздардай сап түзеп өтеді. Балалар шеруін велосипедшілер тобы түйіндейді.

– Осы шара аясында аудан мектептерінің озат оқушыларын марапаттау да өткізіледі. Оның соңы концерттік бағдарламаға ұласады. Осылайша «Балалар жылындағы» балаларды қорғау күнінің қызықты, әрі есте қаларлықтай болуы үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз, – дейді Данагүл Алшымбаева.

Білім бөлімінің әдіскері айтса айтқандай, бұл күнгі іс-шаралар ауқымды болмақ. «Хандар алаңының» алдына оқушылар үйінің тәрбиеленушілері қатысатын асфальтта сурет салу ұйымдастырылады. Ал, алаңның екінші басында оқушылардың қолымен жасалынған ең үздік деген қолөнер бұйымдарының көрмесі өткізіледі. Бұл күні әртүрлі спорттық ойындар мен сауда-саттыққа да кең орын беріледі. Мереке әдеттегідей балаларға балмұздақ таратумен аяқталмақ.

Қаракенгірліктер – бедел биігінде

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ауыл өнерпаздарының биіктен көрінуі бұл ғана емес. Көмейіне ән ұялаған, бойына өнері дарыған бұл ұжым бұған дейін де облыс аумағында өткен өнер байқауында «Үздік ауылдық клуб үйі» аталымын жеңіп алған.

Қарқаралыда өткен қазақ өнерінің қарлығашы Шолпан Жандарбекованың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған халық театрлары арасындағы облыстық байқауда да бірінші орын

алды. Олардың бүгінгі жеңісі Қаракенгір ауылының өнер қонған орта екенін тағы бір мәрте айшықтағандай. Былай айтқанда, республикалық бәсекеде қаракенгірлік өнерпаздар алғы сапта тұр деген сөз. Жоғарғыда аталған жетістігі бір ғана ауылдың ғана емес, ұлт ұясы – Ұлытау өнерінің алға озғаны.

Ендеше, ауданымыздың мерейін асқақтатқан қаракенгірліктердің жүлдесі құтты болсын!

4

Директор
Ақжол
ҚҰРМАНСЕЙІТ